

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ
«ҚҰҚЫҚТАНУ» КАФЕДРАСЫ**

УСЕНБАЕВА А.У.

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҒЫ»

пәні бойынша семинар сабағына арналған оқу-әдістемелік нұсқау

050301 – «Юриспруденция» мамандығы студенттеріне арналған

Ақтау – 2010

УДК 341 (072)

Құрастырған: Усенбаева А.У.«Халықаралық жеке құқығы» пәні бойынша семинар сабағына арналған оқу-әдістемелік нұсқау – Ақтау: КМТЖИУ, 2010, 39 б.

Сын-пікір беруші: з.ғ.к.

Ж.С. Абдукаримова

Оқу-әдістемелік нұсқауда пәннің практика сабағына арналған тақырыптары мен жоспары, өзін-өзі тексеру сұрақтары, есептер жинағы, студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары және нормативтік құқықтық актілер мен пайдаланылатын әдебиеттер тізімі қамтылған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010

Алғы сөз

Халықаралық жеке құқық дербес құқық саласы ретінде, заң ғылымының саласы ретінде және дербес оқу пәні ретінде тек ХІХ ғ. жартысында қалыптасты. Ал Қазақстан Республикасында халықаралық жеке құқыққа деген қызығушылық тек қоғамымызда саяси және экономикалық өзгерістер енгізіле бастағаннан бастап пайда болды.

Сыртқы экономикалық қызмет аясын қаушап алған экономикалық реформалар еліміздің азаматтары мен заңды тұлғаларына жеке құқықтық сипаттағы халықаралық қатынастарға түсуге үлкен мүмкіндіктер көзін ашты.

Халықаралық жеке құқық ұлттық құқық болып табылады, бірақ ол халықаралық жариялы құқықпен шетел құқығымен тығыз байланыста жүріп отырады. Халықаралық құқық пен жариялы құқықтың мақсаты бір - әр түрлі саладағы халықаралық қызметтестікті күшейту. Бірақ халықаралық жариялы басты орынды мемлекеттердің саяси қарым-қатынастары басымдыққа ие.

Халықаралық жеке құқықтың реттеу пәні - болып халықаралық өмірде пайда болатын жеке құқықтық сипаттағы қатынастар табылады. Халықаралық жеке құқықтың ерекшелігі реттеу әдістерінде де ашылады. Әр түрлі мемлекеттердегі коллизиялық-құқықтық әдістер арқылы белгілі бір жағдайда қай мемлекеттің құқығы қолданылатыны анықталады. Ал материалдық-құқықтық әдіс арқылы жеке құқықтық сипаттағы халықаралық қатынастардың реттелуі жүзеге асырылады.

Халықаралық жеке құқықты зерттеу үшін студент алдымен мына сабақтас пәндердің негізгі институттарын біліп алуы қажет: мемлекет және құқық теориясы, азаматтық құқық, халықаралық жариялы құқық, отбасы құқығы, еңбек құқығы, азаматтық іс жүргізу құқығы.

Халықаралық жеке құқық халықаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени қызметтестікті дамытумен тығыз байланысты және осы қызметтестікті құқықтық реттеуде үлкен үлесін атқарады.

Бұл құқық саласы күрделі, біркелкі емес және кешенді болғандықтан, пәнді мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, қаржы құқығы, азаматтық құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық іс жүргізу сияқты сабақтас пәндермен байланыстыра оқу керек.

Семинар сабақтарының тақырыптық жоспары

1-тақырып. Халықаралық жеке құқықтың ұғымы, пәні, жүйесі

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығының ұғымы, пәні, жүйесі, әдісі туралы сөз қозғалды. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығының тарихын, ғылымын, ерекшелігін семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Халықаралық жеке құқықтың жария құқығынан айырмашылығы.
2. Халықаралық жеке құқықтың ғылымы және тарихы.
3. Халықаралық жеке құқықтың дамуына әсер етуші негізгі факторлар.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Халықаралық жеке құқықтың даму тарихы.
2. Халықаралық жеке құқықтың Қазақстан Республикасында дамуы.
3. Халықаралық жеке құқықтың құқық жүйесіндегі орны.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
2. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.
3. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
4. Международное частное право. Скаридов А.С. С-П., 1998.
5. Международное частное право. Сборник документов // Составители К.А. Бекашев, А.Г. Ходаков. М., 1997.

2-тақырып. Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығының қайнар көздеріне түсінік берілді, түрлеріне тоқталып, мысалдар келтірілді. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығының түрлеріне семинар сабағында кеңінен қарастырылады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Соттық тәжірибе және доктрина.
2. Халықаралық шарттар мен ішкі заңдардың өзара қатынасы.
3. Соттық прецедент ұғымы, маңызы.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Конституция халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде
2. Азаматтық кодекс халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде.
3. Сот прецедентін қайнар көз ретінде қолданудың Қазақстандағы мүмкіншілігі.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.
2. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
3. Лунц Л.А. Курс международного частного право. Общая часть. М., 1973.
4. Лунц Л.А. Курс международного частного право. Особенная часть. М., 1975.

3-тақырып. Коллизиялық нормалар

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығының коллизиялық нормаларына түсінік берілді. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығының коллизиялық нормаларын және түрлерін семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Коллизиялық нормалардың әрекеті.
2. Шетел құқығын қолдану мәселелері.
3. Коллизиялық нормалардың түрлері.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Коллизиялық норманың көлемі мен байланысы.
2. Біржақты және екіжақты нормалар.
3. Императивті, диспозитивті және альтернативті нормалар.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
2. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.
3. Международное частное право. Скаримов А.С. С-П., 1998.

4-тақырып. Халықаралық нормаларды қолдану: негізгі құқықтық мәселелер

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығының нормаларын қолдану мәселелеріне түсінік беріледі. Студенттер халықаралық жеке құқығындағы жария тәртібіне, реторсия ұғымына семинар сабағында түсінік берулері тиіс.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Жария тәртібінің ұғымы.
2. Шетел құқығының мазмұнын бекіту.
3. Реторсия ұғымы және мәні.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Реторсия қағидасын қолданудың проблемалары.
2. Жариялы тәртіп жөніндегі келіспеушілік.

3. Шетел құқық нормаларының мазмұнын белгілеу.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.
2. Конвенция о праве, применимом к договорам международной купли-продажи. Гаага, 1968.
3. Международные правила толкования торговых терминов ИНКОТЕРМС. 1990.
4. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
5. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
6. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.

5-тақырып. Халықаралық жеке құқықтың субъектілері

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығының субъектілеріне түсінік берілді. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығының субъектілерінің кейбір түрлері семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Бірлескен кәсіпорынның құқықтық режимі.
2. Шетелдік инвестициясы бар кәсіпорын.
3. Мемлекеттің құқықтық жағдайының ерекшелігі.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Халықаралық жеке құқықта жеке тұлғалардың құқықтық жағдайы.
2. Жеке тұлғалардың санаты.
3. Халықаралық заңды тұлға ұғымы. Трансұлттық бірлестіктер.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ляликова Л.А. Транснациональные корпорации и проблема определения их национальности. Сов. Ежегодник международного права. 1981. М., 1992.
2. Баратянц Н.Р. Богуславский М.М., Колесник А.Н. Современное международное право : иммунитет государства. 1988. М., 1989.
3. Вилков Г.Е. национализация и международное право. М. 1952.
4. Богуславский М.М. Правовое положение иностранных инвестиций. М., 1983.

6-тақырып. Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы заттық құқықтарға кеңінен тоқталады. Тақырып ауқымды болғандықтан мемлекеттер мен шетелдік инвесторлар арасындағы дауларды шешу туралы мәселелер семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Шетелде орналасқан мемлекет меншігінің режимі.
2. Мемлекеттер мен шетелдік инвесторлар арасындағы дауларды шешу.

3. Заттық құқықтың пайда болуы мен тоқтатылуы.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу.
2. Шетел инвестициялары үшін ұлттық режим мен ыңғайландыру режимінің ерекшеліктері.
3. Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларына кепілдік.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
2. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
3. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
4. Лаптев В.В. Вопросы собственности в современном международном частном праве. Вопросы международного частного права. М., 1956.

7-тақырып. Сыртқы экономикалық мәмілелер

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы сыртқы экономикалық мәмілелерге түсінік берілді, мысалдар келтірілді. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығындағы халықаралық келісімдер туралы семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Сыртқы сауда аумағындағы халықаралық келісім.
2. Үкіметаралық келісім негізінде тауарларды тасымалдау.
3. Сыртқы сауда саласындағы келісімдерді, конвенцияларды атап көрсетіңіз.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Мәміле мазмұны мәселелері бойынша құқықты қолдану.
2. Халықаралық мердігерлік шартының түсінігі, мазмұны, түрлері.
3. Халықаралық сатып алу-сатудағы ескіру мерзімі жөніндегі ЮНСИТРАЛ конвенциясы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Международные правила толкования торговых терминов ИНКОТЕРМС. 1990.
2. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
3. Лаптев В.В. Вопросы собственности в современном международном частном праве. Вопросы международного частного права. М., 1956.
4. Лунц Л.А. Внешнеторговая купля-продажа (коллизионные вопросы). М., 1972.
5. Мусин В.А. Международные торговые контракты. Л., 1986.
6. Зыкин И.С. Договоры во внешнеэкономической деятельности. М., 1990
7. Внешнеторговые сделки. Гринько И.С. г. Сумы, 1994.

8-тақырып. Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау ұғымына түсінік берілді. Тақырып ауқымды болғандықтан теміржол арқылы тасымалдау, теңіз арқылы тасымалдау семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Теміржол тасымалдау аумағындағы халықаралық келісімдер.
2. Жүктер мен жолаушыларды әуе тасымалы арқылы тасымалдаудағы халықаралық келісімдер.
3. Халықаралық теңіз тасымалы аумағындағы негізгі конвенциялар, жүктерді аралас тасымалдау.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Халықаралық көлік келісімдерінің (конвенциалардың) сипаттамасы.
2. Халықаралық аралас тасымалдау: түсінігі, ұйымдастыру, тараптар, мазмұны.
3. Жолаушыларды халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің түсінігі, мазмұны, қайнар көзі.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
2. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
3. Садиков О.Н. Правовое регулирование международных перевозок. М., 1981.
4. Садиков О.Н. Реформа Бернских конвенций о железнодорожных перевозках. Внешняя торговля, 1982. № 4
5. Малеев Ю.Н. Международное воздушное право: вопросы теории и практики. М. 1986.

9-тақырып. Зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында зиян келтіруден туындайтын міндеттемелерге түсінік берілді. Студенттер семинар сабағында шетелде зиян келтіру мәселелеріне, деликттік міндеттемелер туралы мәселелерді қарастырғандары жөн.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Шетелде зиян келтіру.
2. Деликттік қатынастарды халықаралық құқықтық реттеу.
3. Деликттік міндеттемелердегі коллизиялық сұрақтар.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. 1963 жылы ядролық шығынға байланысты жауапкершілік туралы Вена келісімі.
2. Деликттік міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату.

3. Қазақстан Республикасында сот органдары шетелде жасалған деликттік талаптарды қарауы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
2. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
3. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
4. Международное частное право. Скаримов А.С. С-П., 1998.
5. Международное частное право. Сборник документов // Составители К.А. Бекашев, А.Г. Ходаков. М., 1997.

10-тақырып. Халықаралық еңбек қатынастары және еңбек қатынастары саласындағы коллизиялық мәселелер

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық еңбек қатынастарына түсінік берілді, еңбек қатынастары саласындағы коллизиялық мәселелерге түсінік берілді. Тақырып ауқымды болғандықтан халықаралық жеке құқығындағы еңбек миграциясы туралы, еңбек қатынастары және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдер семинар сабағында қарастырылады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Еңбек миграциясы.
2. Әртүрлі мемлекеттердің шетелдік жұмыс күшіне қатысты заңдары.
3. Еңбек қатынастары және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы халықаралық келісімдер.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтардың, мигранттардың еңбек құқықтары.
2. Қазақстан азаматтарымен шетелде шетел ұйымдармен еңбек келісім-шартына отырудың нәтижесінде пайда болатын еңбек қатынастарының ерекшеліктері.
3. Халықаралық шарттар - еңбек қатынастарын реттеудің әдісі ретінде.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
2. Международное частное право. Скаримов А.С. С-П., 1998.
3. Международное частное право. Сборник документов // Составители К.А. Бекашев, А.Г. Ходаков. М., 1997.

11-тақырып. Халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы зияткерлік меншік ұғымына түсінік берілді. Студенттер семинар сабағында авторлық құқыққа, аралас құқыққа мысалдар келтіріп, халықаралық конвенцияларға тоқталғандары жөн.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Авторлық құқық жөніндегі халықаралық конвенциялар.
2. Аралас құқықты халықаралық құқықтық қорғау.
3. Өнеркәсіп меншігін қорғаудағы халықаралық ұйымдар және онда Қазақстан Республикасының қатысуы.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Шетел тұлғаларының өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға патенттеудің талапты беру мен рұқсат алудың проблемалары.
2. Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер мазмұнының сипаттамасы.
3. Шетелдегі отандық авторлардың туындыларын пайдалану мен қорғаудың ерекшеліктері.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Конвенция, учреждающая Всемирную организацию интеллектуальной собственности. 1976.
2. Парижская конвенция по охране промышленной собственности. 1983.
3. Всемирная конвенция об авторском праве. 1952.
4. Бернская конвенция об охране литературных и художественных произведений. 1986.
5. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
6. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
7. Международное частное право. Скаридов А.С. С-П., 1998.

12-тақырып. Халықаралық жеке құқықтағы неке отбасы қатынастары

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқықтағы неке отбасы құқықтарға түсінік берілді. Студенттер халықаралық жеке құқығындағы неке отбасы туралы шетелдік заңдарға, бала құқығы туралы конвенцияларға, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелерге семинар сабағында тоқталады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Неке отбасы аумағындағы шетелдік заңдар.
2. Бала құқығы туралы конвенция.
3. Қамқоршы және қорғаншылық.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Шетел тұлғаларының арасында шетелде тіркелген некені Қазақстан Республикасында тану.
2. Халықаралық жеке құқықта ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қарым-қатынастар.

3.Қазақстан аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарымен бала асырап алуға қатысты Қазақстан Республикасының заңдылығы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
2. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М.,1994.
3. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы., 1997.
4. Международное частное право. Скаридов А.С. С-П., 1998.

13-тақырып. Халықаралық жеке құқықтағы мұрагерлік құқығы

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы мұрагерлік құқығы туралы түсінік берілді. Халықаралық жеке құқығындағы өсиет мәселесіне, мұрагер болу, мұрагерлік істерге, мүліктің мемлекет мұрасына өтуі мәселелеріне тоқталғандары жөн.

Семинар сабағының сұрақтары:

- 1.Өсиет бойынша мұрагерлік, өсиет қалдыру нысанындағы негізгі конвенциялар.
- 2.Заң бойынша мұрагер болу, мұрагерлік істерді шешуде туындайтын кедергілер, мұрагерлердің көп болуы.
3. Мүліктің мемлекет мұрасына өтуі.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

- 1.Халықаралық жеке құқықтағы мұрагерліктің проблемалары.
- 2.Мұралар туралы ереже.
- 3.Қазақстан территориясында мұрагер – шетел азаматы пайдасына мұраны ашу.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам. Минск, 1993.
2. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
3. Международное частное право. Скаридов А.С. С-П., 1998.
4. Международное частное право. Сборник документов // Составители К.А. Бекяшев, А.Г. Ходаков. М., 1997.
5. Лунц Л.А. Международный гражданский процесс. М., 1976.
6. Лебедев С.Н. Международный торговый арбитраж. М., 1965.

14-тақырып. Халықаралық азаматтық іс жүргізудегі соттылық мәселелері

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы азаматтық іс жүргізу ұғымы, соттылық мәселелері қарастырылды. Студенттер азаматтық, неке отбасы және еңбек қатынастарында пайда болатын істер бойынша соттылықты анықтау мәселелеріне, шетелдіктердің азаматтық іс жүргізу құқықтарына қатысты консулдық конвенцияларға тоқталғандары жөн.

Семинар сабақтарының сұрақтары:

1. Азаматтық, неке отбасы және еңбек қатынастарында пайда болатын істер бойынша соттылықты анықтау.
2. Шетелдік мемлекеттерде соттылықты анықтау жүйесі, шетелдік мемлекеттің құқықтық жағдайы.
3. Шетелдіктердің азаматтық іс жүргізу құқықтарына қатысты консулдық конвенциялар.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Шетел мемлекеттері мен Қазақстан шарттарында әділет мекемелерінің өзара шешімдерін тану мен орындау тәртібі туралы ережелер.
2. Шетелдік сот шешімдерін тану мен орындау.
3. Шетелдік төрелік шешімдерді мойындау және орындату туралы БҰҰ конвенциясы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам. Минск, 1993.
2. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы, 1997.
3. Лунц Л.А. Международный гражданский процесс. М., 1976.
4. Лебедев С.Н. Международный торговый арбитраж. М., 1965.
5. Минаков А.И. Арбитражные соглашения и практика рассмотрения внешнеэкономических споров. М., 1985.
6. Лебедев С. Н. Международный коммерческий арбитраж: компетенция арбитров и соглашение сторон. М., 1988.

15-тақырып. Төрелік тәртіппен дауларды қарау

Семинар сабағының мақсаты: Бұл семинар тақырыбы дәріс сабағында қарастырылды, дәріс сабағында халықаралық жеке құқығындағы төрелік тәртіппен дауларды қарау мәселелерге тоқталды. Семинар сабағында халықаралық коммерциялық арбитраж ұғымы, түрлерін қарастырады.

Семинар сабағының сұрақтары:

1. Арбитраждық келісім ұғымы, түрлері және арбитраждық шешімдерді тану мен орындау.
2. Халықаралық коммерциялық арбитраж ұғымы, түрлері.
3. Арбитраждық келісімнің негізгі келісім шарттан тәуелсіздігі.

Әдістемелік нұсқау: Дәріс және семинар сабағында өткізілген сұрақтарға байланысты студенттердің білімін тексеру барысын әртүрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Студенттер берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап береді, салыстырмалы түрде талдау тапсырмаларын орындайды, мысалдар келтіреді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Сыртқы сауда төрелігі туралы 1961 жылғы Еуропа конвенциясы.
2. Сот әділдігіне халықаралық қол жеткізу туралы 1980 жылғы конвенция.
3. Қазақстанда тұрақты жұмыс істейтін төрелік ұйымдар.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Лунц Л.А. Международный гражданский процесс. М., 1976.
2. Лебедев С.Н. Международный торговый арбитраж. М., 1965.
3. Минаков А.И. Арбитражные соглашения и практика рассмотрения внешнеэкономических споров. М., 1985.

II. Семинар сабағында алған білімін бекіту мақсатында есептер жинағы

Тәжірибелік сабақтардағы тақырыптар мен сұрақтарды бекіту мақсатында студенттерге мысалдар түрінде есептер жинағы беріліп отыр. Есептер мазмұнында берілген даулы мәселенің дұрыс жауабын табу үшін қажетті барлық деректер осы есептердің шартына енгізілген. Әрине, тікелей қойылған сұрақтан тыс есеп шығару барысында студенттердің алдын-ала ойластыруын талап ететін қосымша сұрақтар да туындауы мүмкін. Есеп шарттары студенттердің меңгеруге тиіс тақырыптары бойынша, сондай-ақ өткен материалдарға сүйене отырып, пайда болған барлық сұрақтарға толықтай жауап береді.

Студент есепті шешпес бұрын, ең алдымен есептің мазмұнын, пайда болған даудың мән-жайын тиянақты түрде анықтап алуы қажет. Тек осыдан кейін ғана тараптардың дәйектері мұқият талданып, халықаралық конвенцияларды қолданып, сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары тұрғысынан оларға баға берілуі тиіс.

Тәжірибелік сабақта есеп шығару кезінде студент істің мән-жайын ауызша қысқаша баяндап, даудың негізін түсіндіріп, тараптардың дәйектерін заң тұрғысынан бағалап, тек содан кейін ғана іс бойынша өзінің шешімін нақты заң нормаларына немесе басқа да құқықтық актіге сәйкестіріп негіздеуі тиіс.

Халықаралық жеке құқық қатынастарына байланысты тараптардың арасында көптеген даулы мәселелер туындап жатады. Осындай мәселелерді шешу үшін әртүрлі жағдайлар негізінде кездесетін оқиғалар мысалдар арқылы беріліп отыр. Осыған байланысты студенттер халықаралық жеке құқыққа қатысты мәселелерді семинар сабақтарында талдап, халықаралық конвенцияларға, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына, Қазақстан Республикасының азаматтық кодекс нормаларына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес істерді шешулері тиіс.

1-есеп. Болгарлық азаматтан алимент өндіріп алу

Қазақстандық азаматша М. Болгария азаматы Д-мен некеге отырады. Неке Болгарияда тіркеледі. Осы некеден екі бала өмірге келеді. Үлкені Қазақстанда, ал кішісі Болгарияда туылады. Ерлі-зайыптылардың соңғы бірге тұрған тұрғылықты жері Болгария болады. Содан кейін, азаматша М. Қазақстанға келіп, Алматы қалалық сотына Д. деген азаматтан балаларға алимент өндіріп алу туралы талап арыз береді.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Алматы қалалық соты, осы алимент өндіріп алу туралы іс бойынша қай елдің заңын қолдануы керек ?
2. Ол қандай коллизиялық нормаға сүйенуі керек?
3. Мұндай нормалар қай жерде қарастырылған ?

2-есеп. Теңіз паромындағы кассир

Ұлыбританияда тіркелген және орналасқан кеме компаниясы осы елде тұратын ағылшындық азаматша Купермен еңбек шартына отырады. Шарт бойынша азаматша ағылшындық порт Шернес және голландық порт Фисонген арасындағы рейсте пароходтың паромында кассир ретінде жұмыс істейді. Шарт Шернесте ағылшын тілінде жасалады және бұл жағдайда ағылшын фунд стерлингімен сыйақы төлеу қарастырылған. Кеме неміс құқығы заңды тұлғасы - қоғамымен алынады, неміс туының астында жүзеді және Гамбургте тіркеледі. Азаматша Купермен жасалған шарт уақытынан бұрын бұзылады. Шартта тоқтату, бұзу туралы ештеңе айтылмайды. Азаматша Купер герман сотына компанияға қарсы талап арыз береді.

Есепке қатысты сұрақтар:

- 1.Шартта қолданылатын құқық туралы ережелер қарастырылған, сондықтан шартты тоқтатуға қатысты қай елдің құқығын қолданамыз?
- 2.Бұл жерде еңбек шартына қатысты «жұмыс орны елінің заңы» қолданылуы керек, ал теңіз кемесіне қатысты жұмыс орны елі ретінде не қарастырылуы керек?
- 3.Теңіз кемесін «мемлекет аумағының жүзуге болатын бөлігі» ретінде қарастыруға бола ма?
- 4.Паромның аумақтық суды кесіп өтетінін ескере отырып, Нидерланд немесе Англия құқығын жұмыс орнының құқығы ретінде қарастыруға бола ма?
- 5.Шешім қабылдар кезде паромның ашық теңізді де кесіп өтетінін ескеріңіз. Егер, тиісті мемлекет пен құқықтық қатынастардың тығыз байланысы қағидасына сүйенсек, бұл жағдайда қандай негізде және қай елдің құқығын қолдануға болады?

3-есеп. Калифорния штатының мұрагерлік құқығы

Сан-Францискода (Калифорния штаты) туған АҚШ азаматының мұрасы туралы мәселе Италияда қарастырылып жатты. Италия жүйесінің реформасы туралы 1995 жылғы 31 мамырдағы заңында (46-бап) - «өзінің өлу кезінде мұра қалдырушы қай елдің азаматы болса, сол мемлекеттің заңдылығы қолданылады» делінген. Алайда, 1995 жылғы 31 мамырда қабылданған заңның 18-бабы 1-бөлігіне сәйкес бір елде бірнеше құқық жүйесін қолдану әрекет ететін жағдайларда, осы елдің құқығы қолданылуы негізгі талап ретінде анықталды. АҚШ-та мұрагерлік құқық федералды заңмен емес, штаттардың заңдарымен реттеледі. АҚШ-та федералдық коллизиялық нормалар негізінде қолданылуын анықтайтын заңдылықтардың критерийлері белгіленбегендіктен, Италия соты аталған заңның 18-бабының 2-бөлігін негізге алып, қатынастар тығыз байланысқан құқық жүйесін қолдануы керек. Калифорнияда қозғалатын мүлікке байланысты мұра қалған жағдайда Калифорнияның құқығы кері сілтеме қолданбайды, ал қозғалмайтын мүлікке байланысты құқықты мүліктің орналасқан жеріне кері сілтейді.

Есепке қатысты сұрақтар:

Қазақстан Республикасы азаматы Италияда қайтыс болған жағдайда Италия соты бұл істі қарастыратын болса қай заңға сілтеме жасау керек?

4-есеп. Ағылшын дипломатының некесін бұзу

Ағылшын дипломаты Дэвидсон мырза Қазақстан Республикасының Парасова деген азаматшасымен некеге тұрды. Неке Алматының АХАЖ-да тіркелді. Парасова жұбайының фамилиясын алды. Бірнеше уақыттан кейін, Дэвидсон мырзаның дипломатиялық қызметі Қазақстанда аяқталған кейін ол Англияға қайтып оралады.

Дэвидсон ханым қарт ата-анасын қалдыратын адам болмағаннан кейін, кете алмады. Біраз уақыт өткен соң, Д. мырза өзінен аяғы ауыр әйелге үйленбекші екендігін туралы Дэвидсон ханымға хабарлайды. Некені бұзуды тездету үшін Д. мырза оның жұбайы алдында міндетін орындамағаны туралы растайтын факті туралы құжатты Алматының нотариусында растауды әйелінен сұрайды. Ағылшын заңдылығында «жұбайының көзіне шеп салу» некені бұзудың бірден бір негізі болып табылатындығын айтып түсіндірді.

Нотариус құжатты растаудан бас тартты және Алматы қаласы сотында некені бұзу ісін жүргізу үшін (Д. мырза Алматыға келгісі келмейтіндігі, АХАЖ-ға сүйенуге немесе Алматы сотына талап бергісі келмейтіндігіне сілтеме жасады, ал онсыз, некені бұзуға болмайды) заң кеңесіне (шетел заң коллегиясына) жүгінуді ұсынды. Шетел заң коллегиясы талап арызды қарастырды. Сот Д. мырзаны істі қарау жөнінде заңда көрсетілген ретте хабардар етті, ол сотқа келмеді және Д. мырза жоқ кезінде неке бұзылды.

Сот шешімінің негізінде П. ханым АХАЖ-да неке бұзылуы туралы куәлік алды және оған өзінің фамилиясы қайтарылды.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Алматы қалалық сотының шешімі Англияда қабылданама?
2. Егер қарастырылмаса, Д. мырза одан аяғы ауыр әйелмен некеге тұру үшін не істеу керек?
3. Бір елде қабылданатын, екінші елде қабылданбайтын құқықтық қатынастар халықаралық жеке құқықта қалай аталады?
4. Халықаралық шарт болмаған кезде бір елдің сотының шешімі екінші елде қабылданған кездер халықаралық тәжірибеде бұрын-соңды болды ма?

5-есеп. Ольга Палей ханзаданың талабы

Патша ауылындағы жиһаздар жинағы және аса құнды заттар орналасқан О.Палей ханзаданың сарайы Қазан төңкерісінен кейін ұлттандырылған. Осыдан кейін, заттардың бір бөлігі 1920 жылдардың аяғында Кеңес үкіметінің шешімі бойынша сатылып кеткен болатын. 1928 жылы О.Палей оны жауапкерлерден аса құнды заттарды сатып алушылардан танып (Вайса мырза және басқалары), оның ойы бойынша оған тиесілі заттарды қайтару туралы талап қойды. Бірінші инстанциялы сот шешімге сәйкес, талаптан бас тартты. Шешімде Ресей үкіметі жауапкерлерге беруге құқығы бар екендігі керсетілген. 1929 жылы апелляциялық шағымнан апелляциялық сот бас тартты. Бірақ, ағылшын соттары қарау шарасы ретіндегі ұлттандыру туралы актілерді, олар қабылданған мемлекеттен тыс жерлерде күші жоқ деп саналады. Осыдан ұлттандыру актілері, егер деректі қабылдау кезінде, мүлік Ресейде болса, кешірек ол Англияға алынып келіп және іс қайта қаралғанда ол жақта болғанына қарамастан мойындауға жатады. Ағылшын заңгері Дж. Чешр 1935 жылы айтқанындай мұндай тәркілеу «қаралау заңдылығы шығарылу кезінде орыс аумағынан тыс орналасқан мүлікке байланысты ғана әсер етеді».

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Жоғарыда көрсетілген заңдарды саралаумен келісуге бола ма?
2. Ұлттандыру мүлікті тәркілеуден немен ерекшеленеді?

6-есеп. «Константин Семенов» кемесінің командасы

Киль (Германия) қаласы сотының талапты қамтамасыз ету туралы қаулысы негізінде 1966 ж. «Константин Семенов» кемесі тұтқындалған болатын (Тіркеу порты С-Петербург қаласы). Кеменің тұтқындалу себебі кеменің иесі – Балтық теңіз бірлестігі өз несие берушілеріне валюта түрінде миллиондаған соманы құрайтын қарыздарын төлей алмауда. Кеме Кильск каналының бірінші шлюзына орналастырылды. Тұтқында алынған кемеді 140 экипаж мүшелері болды. Олардың 20-сы кемеді қалды, тағы біразы «Инженер Мачульский» кемесінде отанына қайтты, ал 7 адамның қайтарылуына байланысты шығындарды Киль қаласының әкімшілігі көтерді. Бұл жерде олар, кеме бірлестігімен жасалған еңбек келісіміне сәйкес, осындай жағдайлар туған жағдайда экипаж мүшелерін отанына қайтару кеме иесіне жүктелгендігіне сүйенген.

Кемеге байланысты конкурс жарияланды. Бірінші аукционда оған өз бағасының 10 пайызын құрайтын баға ұсынылды, ал келесі аукционда кеме қарыздар есебіне сатылды. Қарсы қанағаттандыру ретінде экипаждың әр мүшесі оларды қайтаруға кететін шығындарды істеуді өзіне алған қала басшылығы, Киль қаласы қойылған талаптарын қайта берді және бұл туралы тиісті арыз жазылды. Бұл арызды Киль қаласы басшылығы Амстгерихтка (бірінші сот инстанциясы) ұсынды. Бірақ, кейбір несие берушілер мұндай қайта талап берудің заңдылығын даулап және конкурстан алынған несие берушілер арасында бөлінетін соманы қала басшылығының несие берушілерді қарыз талаптары тізіміне қосқанына қарсылық білдірді. Герман азаматтық ережелері (бұдан әрі ГГУ) су заңының 33-бабының 2-абзацына сәйкес берілетін талапқа сәйкес қолданатын құқық, берілетін талаптың мүмкіндігін айқындайды. Талапты беру субъектілері арасында жасалған еңбек шартымен айқындалатындықтан (кеме экипаж жалдау шарты) осындай талап берудің заңдылығы Ресей құқығымен анықталуы керек. Бұл жағдайда құқықтық сипатта келесі сұрақтар пайда болады:

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Қарастырып отырған жағдайда ресей нормаларының герман нормаларына кері сілтеме жасауы көзделген бе?
2. Егер кері сілтеме көзделсе, Ресейдің қандай заңы керек: азаматтық па немесе еңбек заңыма?

7-есеп. АҚШ азаматының өсиеті

Ұлыбританияда тұратын АҚШ азаматы, өлер алдында өз елінің құқығына сәйкес жасалған (Мериленд штаты, АҚШ), өсиетті Малагада (Испанияда) қалдырады. Өсиет бойынша оның жылжымайтын мүліктері, өзінің інісіне, ал егер інісі ерте қайтыс болса, онда ұлының құзырына өтеді.

Осы өсиетке сәйкес, Малагадағы жылжымайтын мүліктері оның жиеніне өтеді. Өсиет қалдырушының ұлы өсиетті жарамсыз деп тану туралы өтінішпен Испания сотына жүгінеді, бірақ 1-сатылы сот өсиетті жарамсыз деп таниды.

2-сатылы сот кері сілтеме негізінде испандық құқықты қолданады, себебі Ұлыбритания құқығы жылжымайтын мүлік орналасқан жер құқығына сілтеме жасайды. Сөйтіп, өсиетте ұлының заңды мұрагерлік құқықтары көрсетілгендіктен жарамсыз деп таниды (Испания АҚ 851 бабы).

Кассациялық сатыда Испания жоғарғы соты кері сілтемені қабылдаудан бас тартып, Мериленд заңының негізінде толтырылған өсиетті жарамды деп таниды.

Испания Азаматтық кодесінің 11,12-бабына сәйкес шетелдік құқыққа сілтеме материалдық құқыққа сілтеме ретінде түсініледі; егер бұл құқықтың коллизиялық нормасы испандық құқыққа сілтеме жасаса, ол қолданылмайды. Бұл жағдайда өсиет бойынша мұрагерлік мұра қалдырушының домицилия құқығымен анықталады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Кері сілтемені қабылдау немесе қабылдамау қай мемлекеттің органына байланысты болады?
2. Көп жүйелі мемлекеттің құқығын қолдану туралы мәселе қалай шешіледі?

8-есеп. Иордания азаматының некелері

Иордания азаматы осы елде мұсылман әдет-ғұрпымен екі рет некеге отырады. Үшінші рет қазақстандық азаматшамен осы елде тағы да некеге отырады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Егер күйеуі қайтыс болса, Иордания заңы бойынша барлық әйелдеріне теңдей мұра қалдырылатын болса, егер күйеуінің тұрақты тұрған жері Иордания болса, қазақстандық сот оның жылжымайтын мүліктеріне қатысты барлық әйелдерін тең дәрежеде танымауына бола ма?
2. Сот жария тәртіп туралы ережеге сүйене отырып, соңғы әйелі — қазақстандық азаматшаны ғана мұрагер деп тани ала ма?
3. Жария тәртіп туралы ереже қолданылу керек пе?
4. Сот жария тәртіп туралы ережені ерекше жағдайларда немесе шетелдік құқық өзгеше болса қолдануы тиіс пе?
5. Соттың мұндай жағдайлардағы әрекеті қандай?
6. Егер иордандық өз елінде емес, Қазақстанда некеге тұрайық деп шешсе, ондай некені қазақстандық АХАЖ органы тіркей ала ма?
7. Иорданиядағы Қазақстан Республикасы Консулдық бөлімі мұндай некені тіркей ала ма?

9-есеп. Марокко азаматының екі әйелі

Марокко азаматы осы елде екі әйелмен некеге отырып, 1-әйелімен Францияға көшіп барады, ал 2-әйелі алимент төлеу туралы Франция сотына талап арыз береді. Отбасылық қатынастардан туындайтын алименттік міндеттемелерге қатысты, 1973 ж. 2 қазанда қабылданған алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы Гаага конвенциясына Франция қосылған, ал Марокко қосылмаған. Осы конвенцияның 2-бабына сәйкес ол тек алименттік міндеттемелерге қатысты заңдар коллизиясын реттейді. Конвенциямен белгіленген құқық келісілген мемлекеттің құқығына және талаптың екі жақтылығына қарамастан қолданылады (3-бап).

Осы конвенцияның 4-бабына сәйкес, алименттік міндеттемелерді реттеуге қолданылатын құқық алимент алушының әдеттегі тұрып жатқан жерінің құқығы болуы тиіс. Бұл жерде ол Марокко құқығы болуы керек. Бұл елдің құқығы полигамдық некеге жол бергендіктен, онда әрбір әйеліне қатысты алименттік міндеттемелер де танылады (1957 ж. 22 қараша, Тұлғалар және мұрагерлік туралы Кодекстің 35-бабы).

Францияның 1804 ж. Азаматтық кодексінің 6-бабына сәйкес талқыланғанда шетелдік құқықты қолданудан жария тәртіп туралы ереженің негізінде бас тартуға жол беріледі.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Франция соты 2-әйелінің алимент төлеу туралы арызынан жария тәртіп туралы ережеге сүйеніп, бас тартуы тиіс пе? Бұл сұраққа жауап бергенде 1973 ж. 2 қазандағы Гаага конвенциясына сүйену керек. Онда айтылған «егер ол жария тәртіп туралы ережеге анық сәйкес келмесе бұл конвенция белгіленген құқықты қолданудан бас тартуға болады» делінген. Бұл баптың мәтінінде «анық» деген сөздің қандай мағынасы бар? Полигамдық некеге жол беретін мароккандық құқық жария тәртіп туралы ережеге қайшы келеме деген сұрақты сот шешуі тиіс пе?

2. Егер арыз қазақстандық сотқа берілсе, полигамияға жол беретін шетелдік құқық нормалары отандық отбасылық құқықтың негізгі қағидаларына қайшы болса, елінде рұқсат етілген полигамдық некелерден Қазақстанда құқықтық салдар туындалуы мүмкін дегенге сот сүйенуі керек пе?

3. Полигамдық отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелерін тануға сот қарсы шығуы керек пе?

10-есеп. Ирина Щукинаның арызы

Атақты ресейлік коллекционер және меценат С.И. Щукин француздық импрессионистер шығармаларының коллекциясын жинайды. Коллекция 1918 ж. 29 қазанда Халық Комиссарлар Кеңесінің декретімен ұлттандырылады, В.И. Лениннің бұйрығымен бекітіледі. С.И. Щукиннің өзі бірнеше рет өз жинағанын жалпыға ортақ мұражайлық қазына қылуға ерік білдіреді.

1993 ж. Ж. Пампиду атындағы өнер және мәдениет орталығында Мемлекеттік Эрмитаждағы және А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік шығармашылық өнер мұрағатындағы Мотисс шығармашылығының қойылуына байланысты коллекционер С.И. Щукиннің қызы И. Щукина және өзін батыс шығармаларын жинаушының немересі санайтын И. Морозов деген азамат Ресей Федерациясына, Мемлекеттік Эрмитажға, А.С. Пушкин атындағы Мемлекеттік шығармашылық өнер мұражайына және Помпиду Орталығына бірқатар талап арыздар қояды. Арызданушылар 1918 ж. Ұлттандыру туралы декреттің негізінде мемлекеттің меншігіне өткен суреттемелерге алдын ала арест салуды және ірі мөлшерде өтемақы төлеуді талап етеді.

Шешім 1993 ж. 16 маусымда осы іс бойынша Париж сотының үлкен сатысында шығарылады.

Бұдан ертерек, 1954 ж. Сена департаментінің Париждік сотымен Пикассо суреттеріне қатысты осыған ұқсас іс қаралды. Осы суретшінің бірнеше картинасы КСРО-дан әкелініп, Париж мұражайларының бірінде қойылады. Суреттер революцияға дейін С.И.Щукин мырзаның меншігінде болған, ал кейін олар ұлттандырылып, Кеңестік мемлекеттің қазынасына айналады. Арыз С.И.Щукиннің қыздары - Е.Щукина-Келлер және Е.Щукинамен беріледі, олар суретке меншік құқығын танып, оларға арест салуды талап етеді, сот өзінің шешімінде бұл іс бойынша соншалықты дереу шаралар талап етілетіндей, француз жария тәртібі бұзылмаған, өйткені, ол картиналар бірнеше жылдар бұрын, өз елінің заңына сәйкес,

өз аумағында өз азаматтарынан шетелдік мемлекетпен алынған деп көрсетіп, арызды қанағаттандырмай тастайды.

Матисс суреттері туралы ұқсас іс бойынша да сот өтемақысыз ұлттандыру жүргізу француз жария тәртібіне қайшы келеді, сондықтан Францияда ұлттандыру актісі танылмайды деген себеппен арызданушының талабын қанағаттандырмайды.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Бұл шешімдерден қандай қорытынды жасауға болады?

2. Француз жария тәртібіне не қайшы келеді: мүлікті қайтарымсыз алу көзделген ұлттандыру туралы декреттің өзі ме, әлде оның нәтижесі ме, соның ішінде Францияда көрме ұйымдастыру мәселесі ме?

3. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын қандай екі жақты және көп жақты халықаралық келісімшарттарда жария тәртіп туралы ережелер қарастырылған және ол 1993 ж. іс бойынша қолданыла ма?

11-есеп. Ескіру мерзімі туралы келісім

Тараптар ішкі экономикалық мәмілені жасаса отырып, олардың шартына Қазақстан Республикасы құқығы қолданылатыны туралы келісті. Сонымен қатар, олар 6 жыл ескіру мерзімін белгіледі. Олардың арасындағы дауды аралық сотта қараған кезде ескіру мерзімін өзгерту туралы келісім туралы сұрақ қарастырылды.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ескіру мерзімі туралы ережелері императивті немесе диспозитивті сипатқа ие ме?

2. Тараптардың келісімі негізінде немесе коллизиялық нормалар тиісінше қолданылатын ұлттық құқықтағы императивтік нормалардың шетелдік құқық нормаларынан басымдылығы бар ма?

3. 1980 ж. 19 маусым Шарт міндеттемелерін қолдану құқығы туралы Рим конвенциясында императивтік нормаларды қолдану туралы қандай ережелер қарастырылған?

12-есеп. Нидерланд фирмасының ісі

1980 жылдың басында АҚШ-та кеңес әскерлерінің Ауғанстан еліне кіруіне «санкцияның» қолданылуына байланысты оларға сәйкес эксаумақтық сипатын бермекші болды. Осыған байланысты, ЕЭС-ке мүше елдер АҚШ мемлекетінің департаментіне қарсылықтарын жолдады. Рұқсат етілмейтін экспорт туралы АҚШ заңдылығының мәселелерін, сонымен қатар сотта қарау қарастырылды. Осылайша 1982 жылы Гаага сотымен «Компания Европи де Петроль» француз фирмасының «Сенсор» Нидерланд фирмасына қойған талабы туралы іс қаралды.

1982 жылғы американ капиталын басқаратын «Сенсор» жасалған мәмілеге сәйкес, ҚР-да газ құбырын салуға бағытталған құралдар партиясын француз фирмасына 1982 жылдың қазан айында жіберуді міндетіне алды. АҚШ үкіметінің қабылдаған шараларына сәйкес, «Сенсор» америка фирмасының филиалы ретінде АҚШ эмбаргосын сақтауға міндетті екендігі туралы сатып алушыға хабарлады және осы форсмажорлық тәртіп жағдайына байланысты жіберуге мүмкіншілігі жоқ екендігін айтады. Француз фирмасы «Сенсордың» өз мойнына алған міндеттемесін мәжбүрлеп орындату туралы сот арқылы талап қойды. Сот Американың экспорт ережелері шартты тоқтатуға негіз болып табыла ма деген сұраққа жауап беру керек.

Нидерланд соты төмендегідей әрекет жасады. Ең алдымен, ол «Сенсор» фирмасы нидерландық «ұлттылығына» ие, ол Нидерланд заңдарымен құрылып және оның әкімшілік орталығы Нидерландта орналасқандығы туралы хабарлады. Сондықтан, осы көзқарасқа сүйене отырып, АҚШ заңдылығын қолдануға негіз жоқ. Мәмілеге қолданатын заңды анықтай отырып, сот шарттың голландық құқыққа тәуелділігі туралы шешімге келді. Бірақ, ол мұнымен тоқтамайды, ол американдық тауар шектеулері қандай жағдайда қолдануға болатындығын, сонымен қатар, халықаралық жария құқық тұрғысынан қаншалықты құқыққа сай екендігін қарастыра бастады. Қорытындысында, сот голландық халықаралық жеке құқықтың нормаларына сәйкес сот, егер осы құқықтық қатынастарға «голландық құқық қолдану керек болса да, белгілі бір жағдайда ұлттылыққа қатысты шетелдік құқықтың императивтік нормаларын қолдану мүмкін» екендігі туралы хабарлады. Бірақ бұл жағдайда «Мұны қолдануға сілтеме толық емес» деген шешімге келіп, АҚШ эмбаргосының эксаумақтық аясында әрекет етуі халықаралық жария құқықтың нормаларын бұзады және істің материалдары «қарастырылып отырған жағдаймен АҚШ арасында байланыс» жоқ екендігін куәландырды, сот француз фирмасының талабын қанағаттандырды.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Шетелдік оперативті нормаларды қолдану мәселелері тұрғысынан осы іс бойынша Гаага сотының көзқарасы нені көрсетеді?
2. Экспортты бақылау туралы шетелдік нормаларды қолданудан осы жағдайда бас тартуға қарамастан, шетелдік императивтік нормалардың басымдылығы тенденциясының бар екендігі туралы айтуға бола ма?

13-есеп. Африкандық маскалар және мүсіндер

Неміс саудагері Нигериядағы бұрынғы қоладан жасалған маскалар мен мүсіндерді сатып алды. Осы мәдени құндылықтардың үш жәшігі теңіз жолымен Гамбургке жіберілді, жүк ГФР құқығын қолдануға жататын германдық сақтандыру ұйымымен жасалған шарт негізінде сақтандырылған. Кеме Гамбургке келген кезде б қола мүсіннің жоқ екендігі байқалды. Сақтандыру ұйымы Нигериядан жіберілген жүктің экспорттық құқыққа қайшы екендігіне сілтеме жасап сақтандыру төлемақысын төлеуден бас тартты. Істі қарастырып отырған ГФР Жоғарғы соты ГГУ-дың заңмен рұқсат етілмеген мәміленің жарамсыздығын белгілейтін 134-параграфын қолданып шешті, себебі экспортқа рұқсатты бермеуді бекітетін шетелдік заңның Германияда кері күші жоқ. Сонымен қатар, сот ГГУ-дың 138-параграфына сілтеме жасап, Нигерия заңдылығын басшылыққа алды.

Жоғарғы сот ұлттық мәдени құндылықтарды қорғау мақсатында басқа жаққа жіберу рұқсат етілмеген және жақсы игіліктерді бұзатын мәдени құндылықтарды мемлекеттен алып шығу пәні болып табылатын жүкті тасымалдау теңіз шарты ГГУ-дың 138-параграфы 1-пунктіне сәйкес жарамсыз болып табылады деп шешті. Соттың пікірі бойынша шетелдік заңының тікелей міндетті күші болмаса да, «барлық халықтық мәдени құндылықтардың олар орналасқан елде сақталу мүддесіне сәйкес» шығарған елдің мәдени құндылығын сақтап қалуға және қорғауға бағытталған заңды айналып өтуге жол берілмеу керек. Сондықтан, «халықаралық айналыстағы мәдени құндылықтарды белгіленген алып шығуға тыйым салушы қорғау мүддесін» сақтау аясында қолданылмау керек. Осыған сәйкес, құндылықтарды алып шығу

«жақсы игіліктерге» қарсы деп есептеп, шартты сақтандыру шартын жарамсыз деп тапты.

Есепке қатысты сұрақтар:

1.ГФР Жоғарғы сотының шешімін коллизиялық нормалар немесе тараптардың еркіндік автономиялық құқығын қолдану негізіндегі коллизиялық нормалар әрекеті шетелдік құқықтық тыйым салушы императивтік нормаларын қолдану арқылы шектеуі деп тануға бола ма?

2.ГФР-дың Жоғарғы соты неге мәдени құндылықтарды заңсыз алып шығуды тоқтату туралы 1970 жылы ЮНЕСКО конвенциясын қолданбады. Қазақстан тарабы мәдени құндылықтарды Қазақстаннан Германияға заңсыз алып шығу болған кезде жоғарыда көрсетілген шешімге сілтеме жасай алады ма?

14-есеп. Болгария азаматының Түмен қаласындағы жер үйге меншік құқығы

Болгарияда тұрып жатқан болгар азаматы Алматыдағы Медеу аудандық сотына жер үйдің бір бөлігіне меншік құқығын тану туралы талап қойды. Сот 1996 жылы талапты қанағаттандырды.

Есепке қатысты сұрақтар:

1.Болгариямен жасаған халықаралық шарттың қандай ережесіне сүйене отырып, сот мұндай шешім қабылдады?

2.Қазақстан Республикасының қай заңнамасының ережесіне сүйене отырып, сот не себептен мұндай шешімге келді?

3.Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмайтын шетелдік тұлғаның мүлкіне меншік құқығын шектейтін Қазақстан Республикасының құқығында ережелер бар ма?

15-есеп. Грузия азаматының өтініші

Кеңес үкіметінің кезінде Валиева деген азаматша Беладзе деген азаматпен Нальчик қаласында некеге тұрады. Біраз уақыт өткеннен кейін жұбайлар Грузияға көшіп кетті. В. Грузия елінің азаматшасы болып табылады, ал Б. өзінің Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалды. Абхазиядағы шиеленістің кезінде Б. хабар-ошарсыз жоғалып кетті. В. деген азаматша балаларымен Б-ны өлді деп танығанын қалады. Б-ның Грузияда мүлкі болған.

Есепке қатысты сұрақтар:

1.Осы секілді сұрақтарды реттейтін Қазақстан Республикасы мен Грузияның арасында жасалған халықаралық шарт бар ма?

2.Қай мемлекеттің мекемесіне жүгінген жөн?

3.Осындай жағдайда қандай заңнама қолдануы тиіс?

16-есеп. Неміс оралманының мүлкі

Ақмола облысында тұрып жатқан, ұлты неміс, Қазақстан Республикасының Рейх деген азаматы тұрақты түрде тұруға Германияға кетті және онда «оралман» мәртебесіне ие болды. Оның Қазақстан Республикасында аудандық жерде үйі, гаражы және жылжитын мүлкі (автокөлік, т.б.) қалып қойды. Тұрғын үйге деген меншік құқығына байланысты Германияда Рейх пен оның туысқандарының арасында дау пайда болды. Осы талап арыз неміс сотының қарауына берілді.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Рейхтың мүлікке меншігі сақталама, ол біреуге сыйға бере ала ма, сата ала ма, не болмаса мұраға қалдыра ала ма?
2. Рейхтың мүлікке, меншігіне қатысты қай елдің заңнамасы қолданылады? Ақмола облысындағы тұрғын үйге байланысты дауды шешуге қай елдің құқығын қолданылады?
3. Неміс соты нені негізге алу керек?
4. Осындай сұрақтарды реттейтін Қазақстан Республикасымен Германияның арасында халықаралық шарт барма?

17-есеп. Түрік фирмасының еңбек шарттары

Қазақстан Республикасында құрылған, түрік құрылыс фирмасына жататын, шетелдік инвестициясы бар мекеме Ақмола облысының аумағында объектіні қайта құруды жүзеге асырады. Ол құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізу үшін әр түрлі мамандыққа байланысты шетелдік азаматтардың белгілі бір тобын жұмысқа тартты.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Шетелдік азаматтармен еңбек шартын жасау кезінде жұмыс беруші қандай шарттарды алдын ала жүзеге асыру керек?
2. Ресми түрде босқындар деп таныған шетел азаматтарына жұмыс бергенде осы шарттарды жұмыс берушінің орындауы талап етіле ме?
3. Шетелдік жұмысшы қай органнан және қандай құжат алуы керек?
4. Шетелдік азаматтардың еңбек талаптарын, еңбегін қорғауды, олардың саяси нормаларына сүйеніп шешуіміз қажет пе?

18-есеп. Польша азаматының еңбек қызметі

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнында білім алу үшін Польша елінің В. деген азаматы осы елге келеді, содан соң Қазақстан Республикасының Т. деген азаматшасына үйленіп, тұрақты түрде Алматыда тұрады. Ол жұмыс істеп жүрген мекемесінің әкімшілігі одан еңбек ету құқығын куәландыратын құжатты талап еткен.

Есепке қатысты сұрақтар:

Осы жағдайда әкімшіліктің талап етуі заңға сәйкес пе?

19-есеп. Гельфельдің ісі

1904 жылы қазан айында Орыс үкіметінің өкілі Германия азаматы Гельфельдтен қару-жарақ сатып алады. Гельфельдтің осы мақсатқа сәйкес сатып алынған «Ангольт» кемесімен Гамбургтен порт - Артурға жіберіледі, бірақ мүлік Ресейге жіберілмей, Гельфельдтің тапсырысымен Циндоода ұсталады. Оның айтуы бойынша Ресей өкілі одан сатып алынған қару-жараққа ақы төлемеген. Гельфельд пен Ресей үкіметі арасында 3 млн. марка тұратын қару-жарақтарды сату жөнінде жоғарыда көрсетілген сатып алуға қатысты келіссөздер жүргізіледі. Алайда олардың арасында қару-жарақтарды сату жөнінде жүргізілген келіссөздер ешқандай нәтиже бермеген және ешқандай келісім болмаған. Алдымен Ресей үкіметі өзінің мүлкін дипломатиялық жолмен алуды көздеп, кейін өзінің талаптарымен Циндоодағы Германияның консулдық сотына жүгінуге мәжбүр болды. Гельфельд Ресей үкіметіне қарсы 3 млн. марка көлемінде талап арызын ұсынды. Талап арыз жоғарыда көрсетілген қару-жарақ сату туралы жалған мәмілеге негізделген,

олардың айтуы бойынша талап арыз затқа байланысты емес. Ресей үкіметі бұл талап арыздың қаралуына қарсы болды.

1906 жылы қарашада өзінің алғашқы шешіміне қарсы талап арызды қарауға қарсылығын білдірді, алайда бұл шешім кері қайтарылды. Бұл қарсы талап арыз Германиялық консулдық соттарда бірнеше рет қаралғандықтан, Ресей Үкіметі соттылыққа жатпайды деген арызына қарамастан, Қытайда 1909 жылы қарсы талап арызды қанағаттандырды.

Ресей үкіметі Гельфельдке 3 млн. марка төлейтін болды. Гельфельд Ресей үкіметінің Берлин банкінде ірі мөлшерде ақша сомалары бар екенін біліп, Берлин сотында осы салымдарына арест салуын және ол жөнінде шешім шығарылуына қол жеткізді (15.02.1909).

Тыйым салу жөнінде бұйрық банкке жіберілді, бірақ соңғысы Гельфельдтің өкіліне ақша төлемеді, себебі шет мемлекеттегі шотқа арест салу мүмкін емес. Шетел мемлекетінің мүлкіне тыйым салуға болмайтындығын дипломатиялық наразылығында Ресей өкілеттілігі айтып кеткен.

Сот істің шешілуін тоқтата тұрды және ол іс Пруссияның мамандандырылған сотына жіберілді. Сот шешімін талқылау үшін ғалым заңгерлердің, ол Франция, Швейцария және басқа да мемлекеттердің 14 қорытындысын қолданды. Гельфельдтің ісі бойынша сот (25.07.1910) Ресей үкіметінің банктегі шотына тыйым салуды тағайындамауды шешеді.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Абсолюттік иммунитеттегі классикалық теорияның мәні неде?
2. Герман сотында иммунитеттің қандай түрлері шешімде қарастырылды?

20-есеп. Чернобыль АЭС-дағы апаттың зардаптары

Чернобыльдегі атом электр станциясының (АЭС) реакторының жарылысынан (26.04.1986) кейін радиоактивті бұлт желмен Еуропаға жетті. Бұлт (28.04. 1986) ГФР-дың солтүстік батысындағы кеңістігіне жетеді, радиоактивтік қалдықтардың түсуінен зардап туындайды. Соның ішінде А. деген кәсіпкердің көлемі 780 шаршы метр бау-бақша учаскесіне зиян келтіріледі. Ол өз бақшасын жоюға мәжбүр болып, Кеңес Одағына талап арыз қояды. Іс Амстгерихт Боннда қаралды, талап арызда арыз берушіге қарсылық білдірді.

Халықаралық (территориялық) соттылыққа қатысты сот талап арызда келтірілген зардапқа сәйкес, сол жерді қарауы, істің болған жерінде зардапты туғызған жерінде болуы мүмкін, бірақ арызданушы келтірілген зардап Бонн сотының аумақтық құзыретінің шегінде орналасуын дәлелдей алмады.

ГФР азаматтық іс жүргізу кодексінің 23 тарауына сәйкес, тұрақты тұрғылықты жері жоқ азаматтарға олардың мүлкі қай жерде орналасса, сол жердің сотында талап арыз қаралады. Арызданушы нақты мүлікті көрсете алмады. Ол тек жауап берушінің Германияда мүлкі бар екенін айтты. «Егер ол елшілікті немесе елшіліктің құрылғылары жайында айтса, онда соттың шешімінде айтылған бұл мүліктің иммунитеті бар». Арызданушы кейбір шоттарға сүйенді. Егер бұл шоттар Кеңес Одағының сауда функциясын жүзеге асыруға берілсе де, ол Бонн сотына жатпайды, себебі мүлік басқа округте орналасқан. Арызданушы соттылығына қатысты, бірақ КСРО құрамында жоқ. Соттың ойынша мұндай арыздың қаралмауы сот құрылымы жайлы заңның 20-тарауында айтылған, экстерриториялық жағдайда соттылыққа жатпайды. Бұған сәйкес, КСРО-ның

шетел мемлекеті ретінде иммунитеті бар және неміс соттылығына, наразылығына жабық болып табылады. ГФР-дың Конституциялық сотының шешімі шығарылғаннан кейін мемлекеттің иммунитеті шектеулі көлемінде қолданылады. Егер мемлекеттің бөліну іс-әрекетінің бастапқысы өзінің тәуелсіз функцияларын және тәуелсіз емес функцияларын жүзеге асырған болса.

ГФР-де энергетика жеке меншік секторға жатады және электроэнергияны қамтамасыз ету тәуелсіз функциямен жүзеге асырылмайды, сондықтан, деликттік қатынастардан туындайтын бас тартушылық қазақстандық кәсіпорындардан ол неміс заңдылығымен қаралады. Мемлекеттің иммунитет қағидасы қолданылмайды.

Жауапкершілікке қарсы КСРО-ға наразылық тудыруға болмайды, себебі ол халықаралық шарттарға кірмеген. ГФР ол шарттарға кірген болатын. Сот КСРО-да барлық мемлекеттік кәсіпорындар заңды тұлға нысанында құрылған. Оның ішіне Чернобыль АЭС-і кіреді және ол үшін мемлекет жауап бермейді деп жариялады.

Қатысты ведомствоның ұсынуы бойынша, КСРО-ға қатысты наразылықтар қанағаттандырылмайды, себебі лауазымды материалдық жауапкершілік туындайды, сондықтан бұл әрекеттер тәуелсіз іс-әрекетті жүзеге асырады және мемлекеттің иммунитет қағидасына қатысты болады.

Осы негіздемелерге қатысты талап арызды қабылдамайды. Арызданушының шағымы келесі инстанцияда қалдырылады, себебі аумақтық соттылық Бонн сотына жатпайтындығы және де кәсіпорындарға жауап беретін мемлекет деп қаралатын заңдылықтың жоғына қатысты. Сондықтан, ең басты талап арызды қайтарудың себебі мемлекеттің мемлекеттік кәсіпорынға жауап бермеуінде болып табылады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Бонн қаласының соты елдің құқығы бойынша емес сот елінің құқығын қолдануына қандай сипаттама бересіз?
2. Бонн қаласындағы сот осы іске байланысты 1972 жылы Ібмамырда қабылданған мемлекеттің иммунитеті туралы Еуропалық конвенцияны қолдана ала ма?
3. КСРО-ның мемлекеттік атом электр станциясындағы реактордың авариясына қатысты қандай ойлар бар? Сіздің ойыңызша іске байланысты қандай құқықтық жағдайлар қолданылады? Осы сияқты іс-әрекеттерді мемлекеттік кәсіпорындардан басқа үшінші тұлғалар жүзеге асыра ала ма?
4. Мемлекеттік кәсіпорындар иммунитетті қолдануға міндеттіме? КСРО атом электр станциясын коммерциялық мақсатқа қолдана ала ма?
5. Егер Ресей ядролық зиянның азаматтық жауапкершілігі туралы Вена конвенциясына қатысушы болып табылса жауапкершілік туралы мәселе қалай шешіледі?

21-есеп. Қазақстан Республикасы қонақ үйіндегі өрт

Американдық турист Х. «Интурист» бюросы бойынша Нью-Йоркте тұрып, қазақстандық қонақ үй нөміріне тапсырыс береді. Өрт салдарынан американдық турист Х-ға залал келеді. Х. «Интурист» бюросына қарсы талап арыз береді. Істі АҚШ-та қарау кезінде мынадай сұрақ туындайды - қонақ үйге нөмірді Нью-Йоркте тұрып тапсырыс беруге байланысты залал келген орны деп АҚШ саналады, осыған байланысты «коммерциялық белсендік» орын алды деп есептеліне ме? Осы сұраққа қанағаттандырылғы жауап болса, 1976 жылғы шет мемлекеттің иммунитеті туралы заңға байланысты иммунитеті қабылданбайды. Егер де талап арыздың негізі болып шет

мемлекеттің АҚШ-та жүзеге асыратын коммерциялық қызметі табылса. Жоғарыда аталған заңға сәйкес, АҚШ-пен «елеулі контакт» бола ма?

Есепке қатысты сұрақтар:

- 1.«Интурист» бюросының қызметін мемлекеттік қызмет ретінде қарастыруға бола ма?
- 2.Осы жағдайда АҚШ-пен елеулі контакт бар екендігін негіздеуге бола ма?
- 3.Қолданылатын құқық туралы ережелер шартта қарастырылмағандықтан, шартты бұзуға байланысты мәселе бойынша қай елдің құқығын қолданамыз?

22-есеп. «Феодосия» кемесінің ісі

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда Норвегияның сот инстанцияларында «Феодосия» сот кемесінің қамауға алынуы туралы мәселе қарастырылған. 1939 жылы Норвегияда мемлекеттік кемелердің иммунитетіне қатысты 1926 жылғы Брюссель конвенциясының ережелерін қайта жандандырған заң қабылданды. Аталған Конвенцияның 3-параграфында, қамауға алудың пәні болып танылмайды, егер ол жария құқықтық сипаттағы мемлекет міндеттерін атқарып жүрген мемлекетке тиесілі немесе мемлекет қолданатын кеме болса, егер ол «жария-құқықтық сипаттағы мемлекет міндеттерін атқарып жүрсе».

Норвегияның апелляциялық соты 1946 жылғы 4 қазандағы шешімінде теңіз кемелерін қолданудың жария-құқықтық сипаты деп тек мемлекеттің өзімен жүзеге асырылатынын іс-әрекеттерді атап көрсетті. «Феодосия» кемесі ғылыми экспедиция үшін жүктерді тасыған. Ғылыми экспедициялардың қамтамасыз етілуін жеке тұлғалар жүзеге асырғандықтан, сот шешімі бойынша, кемемені қолдану «жария-құқықтық» сипатта болмаған. Бұл шешім жоғары соттың кассациялық бөлімінде жойылды. Ол алғашқы шешімінде «иммунитет» туралы ереже тар шеңберде қолданылатынын танып, «Феодосия» рейсінің сипатын, «жария-құқықтық» деп тану дұрыс екенін көрсетті, сондықтан кеме қолданушы қызығушылықты қолданады. 1949 жылғы 2 мамырдағы шешімінде кеме де, жүк те мемлекетке тиесілі екендігіне жүк, Сібірдің Солтүстік жағалауы бойындағы теңіз жолын сақтау үшін ғылыми экспедициясымен қолданылуы қажет екендігіне сілтеме жасалып, сот «Феодосия» кемесі мемлекеттің мақсаттарында «жария-құқықтық» сипатта қолданылғанын және де осыған сәйкес кемемені қамауға алу заңсыз болғанын таныды.

Есепке қатысты сұрақтар:

Қандай қағидаларға сүйеніп, мемлекеттің іс-әрекетін анықтау қажет?

23-есеп. Каспий құбыр өткізгіш консорциумы

1992 жылы 17 маусымда Қазақстан мен Оман Каспий құбыр жүргізу консорциумын құру туралы шартқа қол қойды. 1992 жылғы 23 шілдедегі құбыр жүргізу консорциумының хаттамасына сәйкес, Ресей консорциум құру туралы шарттың бір тарабы болып табылады. Осы хаттама РФ Президентімен ратификацияға ұсынылып, 1993 жылғы 30 маусымдағы РФ Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ратификацияланды. 1996 жылы 27 сәуірде консорциумды қайта құру туралы жаңа қаулы жасалды. Мемлекеттердің үкіметтері арасындағы (үкіметаралық шарт) халықаралық келісім болып табылатын 1992 жылғы шілдедегі хаттамамен салыстырғанда, 1996 жылғы 27 сәуірдегі консорциумды қайта ұйымдастыру туралы жаңа хаттама үкіметтер арасындағы ғана емес, өзге де субъектілермен (акционерлік

қоғам нысанасында құрылған мұнай өңдеуші және мұнай тасымалдаушы компаниялармен), яғни, заңды тұлғалармен жасалды.

Нысанында құрылған мұнай өңдеуші және мұнай тасымалдаушы компаниялармен, яғни, заңды тұлғалармен жасалды.

Отандық заң туралы әдебиеттерде мұндай халықаралық келісімдер «диагональды келісімдер» деп аталады және оларға 1995 жылғы халықаралық шарттар туралы заңның күші таралмайды. Дегенмен, Ресей заңдары жекелеген жағдайларда үкіметтің немесе өзге мемлекеттік органның шетел мемлекетінің атынан әрекет етпейтін шетел субъектісімен жасалған шарттарды заң шығарушы органдармен бекітілуін қарастырады. Мұндай тәртіп «Шетел инвестициялары туралы» 1991 жылғы 4 шілдедегі РФ Заңының 40-бабындағы концессиялық шарттарға қатысты орнатылған).

Шартқа қатысушы мемлекеттерге аралық сотта талап қойылған жағдайда олардың мемлекеттің иммунитетіне ие болмайтындығы хаттамада қарастырылған.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Мазмұнына байланысты консорциумды қайта құру жөніндегі хаттаманы шетелдік инвесторлармен жасаған концессиялық шарт келісім ретінде (шетелдік инвестиция туралы заң негізінде) қарастырыла ма?

2. Арбитраждық қосымшалардың болуына немесе арбитраж туралы келісімді мемлекеттердің иммунитетінен бас тарту мемлекеттің арнайы келісімі талап етіле ме?

24-есеп. Фанера туралы іс

1920 ж. тамыз айында РСФСР-дің сыртқы сауда жөніндегі халық комитеті «Сегор» ағылшын фирмасына фанера партиясын сатқан. Ұлттандыруға дейін фанера «Лютер» акционерлік қоғамының меншігінде болған. Ұлттандырылған тауар ұлттандыру сәтінде Новгородтағы «Лютер» кәсіпорыны қоғамының қоймасында болған. Фанера Ұлыбританияға жеткеннен кейін «Лютер» қоғамының бұрынғы иелері «Сегор» фирмасына фанераны қайтару туралы талап қойған. Алғашында ол талап қанағаттандырылды. Бірақ істі екінші рет қарағанда, 1921 ж. РСФСР мен Ұлыбритания арасында бірінші сауда шарты жасалғаннан кейін, ағылшын соты талаптан бас тартты. Судья Скретон: «Егер Л.Б. Красин (Кеңес сауда делегациясының басшысы) тауарларды Англияға өз үкіметінің атынан жеткізсе және тауарлар соңғысына тиесілі болса, онда ешбір ағылшын соты мұндай арызды тексере алмайды» - деп айтып өтті. Судья Вашингтон жариялағандай, сот «актілердің жарамдылығы туралы мәселеге» қатыса алмайды. Сол актілермен даулы тауарға меншік құқығы талапкерден жауапкерге өткен. Судья талапкердің ұлттандыру туралы кеңес заңдарының әділдік пен мораль қағидаларына қайшы келмейтінін, сондықтан олардың әрекет етуі Ұлыбританияда танылмайтындығы жөніндегі дәлелдерін қабылдаған жоқ.

Есепке қатысты сұрақтар:

КСРО үшін бұл іс бойынша шешім басқа мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста қандай рөл атқарды? Ұлттандырылған мүлікке қатысты мәселелер қарастырылғанда шетел соттарымен қай елдің құқығы қолданылуы тиіс еді?

25-есеп. Жапон өнер туындылары

1980 ж. Ағылшын сотымен қарастырылған даудың пәні Ұлыбританияда ұрланып, содан кейін Италияға әкелінген жапон өнер туындыларының жинағы болды. Италияда бұл туындылар оның ұрланғанын білмеген адал иеленушімен сатылып алынады. Иеленуші оны сатуға ұсынылған Лондондағы «Кристи» фирмасына аукционға жібереді. Бұл туралы осы туындыларды ұрланғанға дейін иеленген меншік иесі білгеннен кейін «Кристи» фирмасынан да, итальяндық адал иеленушіден де туындыларды қайтаруды немесе олардың аукционға сатылған құнын төлеуді талап етеді.

Cot Iex геі \$iiae қағидаларына сүйене отырып, мәдени құндылықтар иеленушіге берген сәтте сол елде болғандықтан, мемлекеттік құқық ретінде италиян құқығын қолданады. Италияның АҚ 1153 б. сәйкес, ұрланған заттарға қатысты адал иелену мүмкіндігіне жол берілгендіктен, жауапкер құқыққа сай меншік иесі болып танылуы мүмкін еді. Сондықтан талап арыздан бас тартылды.

Басқа жағдайда меншік иесінің мүддесін қорғауға американдық билік араласады. 1973 ж. Италия үкіметі Италиядан Нью-Йорктің «Метрополитен» мұражайынан жасырын түрде алынып кетілген әйгілі «Галукс Кратер» құмырасының қайтарылуын талап етеді. Мұражай құмыраны сатушыдан 1 млн. долларға сатып алады, ал соңғысы оны Бейрутте құмыраны 5 жылдан астам уақыт иеленген антиквардан сатып алады. Құмыраны қайтарудан бас тарту, оның заңды иеленгендігіне сілтеме жасаумен дәлелденді.

Есепке қатысты сұрақтар:

Өнер туындыларын иеленудің адалдығын анықтау барысында қай мемлекеттің заңы қолдануға жатады? Жеке құқықты унификациялау жөніндегі халықаралық институт (будан әрі ЮНИДРУА) конвенциясы бойынша адал иелену мәселесі қалай шешіледі?

26-есеп. К.Малевич картиналарының тағдыры

1927 жылдың көктемі мен жазында Германияда өткізілген көрмеге әйгілі суретші К.Малевич өзінің суреттерін әкеледі. Көрмеге оның 70 картинасы, жиырмадан астам суреттері мен модельдері қойылды. Малевич Ленинградқа кетер алдында өзінің туындыларын бірнеше жылдан кейін басқа көрме өтетіндіктен Германиядағы досы архитектор Г-ға қалдырып кетеді. 1935 ж. суретші қайтыс болды.

Соның салдарынан, Г. Малевичтің отбасымен хабарласуға тырысқанымен, бұл нәтижесіз болады. Картиналар сақталған көркем сурет мектебінің ғимараты соғыс кезінде қиратылады, бірақ Г. Малевичтің туындылары салынған жәшіктерді, өзінің отанына, Германияның басқа бөлігіне алып кетуге үлгереді. Малевичтің Берлинде қалдырылған мұрағаттық /архивтік/ материалдары бомбалаудан аман қалады.

1951 ж. Амстердамдағы мұражайдың директоры Стеделик Г-ға жолығады. Архитектор өзінің досының туындыларын мұражайға бергісі келмейді, бірақ ұзақ сөйлесулерден кейін 1956 ж. келіседі. Осы уақытта ол қатты ауырып жүреді. Г. қайтыс болар алдында өзінде сақталған «Малевич қорын» Нидерландтағы мұражайға сатып жібереді. Мұражай өзінің туындыларды иеленгендігі туралы хабарламайды, алайда иеленудің ескіру мерзімі өткеннен кейін ол жөнінде жариялап және бұл туындыларды өз экспозициясына қосып, Малевич туындыларының әйгілі иеленушілерінің бірі болады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Мұражайдың меншік құқығын немен дәлелдеуге болады?
2. Аталмыш жағдайда меншік құқығы пайда болуы үшін қай мемлекеттердің ескіру мерзімі туралы Ережесі қолданылуға жатты?

3.Суретші К. Малевичтің суреттерін қайтарып алуға мүмкіндік болды ма?

4.Осы сұраққа жауап беру кезінде, 1950-жылдарда Куйбышев қаласында (Самара) тұрған суретшінің қызы сол уақыттағы КСРО-нің Мәдениет министрлігіне суреттерді мемлекеттің меншігіне өткізуді ұсына отырып, олар жөнінде сұрақтар қойған болатын.

27-есеп. Қазақстаннан болат тасымалдау

Қазақстандық өндіріс бірлестігі мен Ресей акционерлік қоғамы арасында металлургиялық өнімдерді тасымалдау туралы шарт жасалды. Контрактіде белгіленген шартқа сәйкес, өнімді тасымалдау жөнінде тараптардың өзара қарым-қатынастарына қатысты КСРО Кеңес министрлігімен 1988 ж. 25 шілдеде бекітілген өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді тасымалдау туралы Ереже қолданылды.

Тасымалдау шартта белгіленген мерзім ішінде, қазақстандық тараппен жүзеге асырылды, алайда қабылданған тауардың сапасын тексеру барысында, ресейлік тарап жағынан әріптеске қатысты келіспеушіліктер пайда болды. Болаттың сапасы анықталған стандарттағы талаптарға жауап бермеген.

Ресейлік акционерлік қоғамының РФ-ның арбитраждық сотына берген талап арызында қазақстандық өндірістік бірлестігінің келісімшарттың ережелерін бұзғандығы туралы көрсетілген және белгіленген сапаға сай келмейтін темір партиясын ауыстыру жөнінде талап мазмұндалған өзінің талап арызын талап қоюшы, шарт жасасқан кезде тараптар қолданылатын құқық ретінде 1988 ж. 25 маусымда қабылданған КСРО Кеңес министрлігінің Ережесіне сүйене отырып, РФ-ның азаматтық заңнамасының нормаларына сілтеме жасай отырып дәлелдеді.

Жауапкер РФ заңнамасының қолданылу мүмкіндігін мойындаған жоқ, өйткені сыртқы-экономикалық контрактіде қолданылатын заң анықталмаған.

Осы дауды шешу барысында арбитраждық сот келесі мәселелерді негізге алды:

- сыртқы-экономикалық шартты жасасу кезінде тараптар өздерінің міндеттемесіне қатысты қолданылатын құқықты өз бетінше анықтауға құқылы;
- сыртқы-экономикалық шартта тараптармен, азаматтық-құқықтық мәміленің шарттары ретінде өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді тасымалдау жөніндегі ереже аталынды. Келешекте осы Ереженің нормалары тараптармен көзделген шарттық реттеудің элементтері ретінде қолданылды;
- сыртқы-экономикалық шартта қолданылатын құқық туралы сұрақ, тараптармен толық көлемде шешілген жоқ, қолданылатын заң анықталмады.
- Ресей және Қазақстан 1992 ж. 20 наурызда қабылданған шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауды шешудің тәртібі туралы Келісімнің қатысушылары.

Есепке қатысты сұрақтар:

1.Егер тасымалдау шартының КСРО-ның құлауынан кейін жасалғандығы және өзінің сипаттамасы бойынша сыртқы-экономикалық шарт болғандығынан шығатын болсақ, онда өнімді тасымалдаудың ішкі шарты қолданылуға жата ма, егер талаптар оларды мәміленің шарты ретінде қосатын болса, жоқ әлде 1992 ж. 1 маусымда ТМД-ға мүше мемлекеттер ұйымдары арасында тауар тасымалдаудың жалпы шарттары туралы келісім қолданылуы қажет пе?

2.Бұл жағдайда, екі жақ қолдануға тиіс құқықты қолданбаған, ал шарт талаптарын қолдану, сондай-ақ өндірістік-техникалық өнімдерді тасымалдау жөніндегі ереженің шарттары бұл дауды шешу үшін жеткіліксіз болып табылады, арбитраждық сот 1992 ж. 20 наурызда

қабылданған шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты туындаған дауды шешу тәртібі жөніндегі Келісімнің 2-бабында қарастырылған қай коллизиялық қағидадан шығып отыр?

28-есеп. Қазақстан азаматы болып табылатын баланы асырап алу

П. Қазақстанның азаматшасы Семей қаласында тұрып жатқан М-мен некелеседі. Некеге тіркелгеннен кейін, М. Омск қаласына көшіп кетеді, алайда Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады. 1998 ж. М-ның кәмелетке толмаған жиені өз ата-анасынан жол көлік апатының салдарынан айрылып қалады. Ерлі-зайыптылар бұл баланы асырап алу жөнінде шешімге келеді. Бала /жиен/ Семейде тұрады және Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Қарастырылып отырған жағдайда, кәмелетке толмаған балаларды асырап алу жөніндегі мәселе қай мемлекеттің мекемесінің құзыретіне кіреді?
2. Қай мемлекеттің заңнамасы қолдануға жатады?
3. Ресеймен Қазақстан Республикасы арасында әрекет ететін қандай халықаралық келісімдер қолданылуы тиіс?

29-есеп. Қонақ үй қызметкерін жұмыстан шығарып жіберу

Шетелдік инвестициялар мекемесіне жататын халықаралық жүйеге кіретін қонақ үйіне Қазақстан Республикасының М. азаматшасы жұмысқа тұрады. Бірнеше уақыт өткен соң, ол бір келген шетелдікпен әкімшіліктің бір қызметкері туралы жағымсыз сөз қозғады. Шетелдік адам журналист болып шығып, М-ның әңгімесіне сілтеме жасап, Қазақстан Республикасына барған сапары туралы сұхбатында айтты. Бұл туралы қонақ үйдің әкімшілігіне белгілі болған кезде М. өзінің әрекеті арқылы қонақ үйдің дәрежесін түсірді дегенге сілтеме жасап, жұмыстан шығарылды. Онымен жасалған еңбек шарты бұзылды.

М. қолы қойылған еңбек шарты формулярында келесідей нәрселер қарастырылған: қонақ үймен жасасқан қызметкер еңбек заңдарында көрсетілген жағдайлардан басқа әкімшілік бір жақты да шарт бұзуға құқығы бар, яғни келесідей жағдайлар болғанда: компанияның мүлкін ұрлау, келген қонақтардың және басқаның денсаулығына қауіп төндіру мақсатындағы әрекеттер; жұмыс кезінде ұйықтау; қонақ үйдің ішіндегі ойындар; қонақ үйдің дәрежесін түсіретін әр түрлі әрекеттер.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Мұндай талаптар Қазақстан Республикасының заңдылығында қарастырылған ба?
2. Шетелдік инвестициялар мекемесі еңбек шартын бұзу үшін қосымша талаптар қоя ала ма?
3. Қонақ үй әкімшілігінің әрекеттері құқыққа сай болып табыла ма?
4. Осы жағдайда қонақ үйдегі басшының рұқсатынсыз кез келген мәліметті беруге және журналистерге сұхбат беруге болмайды деген ереженің болуы маңызды болып табыла ма?

30-есеп. Қазақстан Республикасында сотқа талап қою

Израиль азаматшасы Ф. Қазақстан Республикасының Т. деген азаматын ата-аналық құқығынан айыру туралы талап арызбен Қазақстанның сотына жүгінеді. Талап арыз Бостандық ауданының сотымен қарастырылып, қанағаттандырылады.

Есепке қатысты сұрақтар:

1. Сот істі Қазақстан заңнамасының қандай ережелерінің негізінде өз қарауына алды?
2. Қазақстан Республикасы мен Израиль арасында өзара көмек көрсету жөнінде ешқандай келісім жоқ.

III. Семинар сабақтарына қосымша ретінде студенттің білімін тексеру үшін тест сұрақтары:

1-нұсқа

1. Алғашқы ғылыми зерттеулер халықаралық жеке құқық бойынша пайда бола бастады:

- A) 13-16 ғғ.
- B) 19-20ғғ.
- C) 11-12 ғғ.
- D) 10-15ғғ.
- E) 18-19ғғ.

2. Халықаралық жеке құқық бойынша алғашқы ғылыми зерттеулер қандай мемлекеттерде дамыды?

- A) Қытай.
- B) Шығыс Европа.
- C) Батыс Европа.
- D) Индия.
- E) Қазақстан.

3. Жеке және заңды тұлғалар арасындағы жеке құқықтық қатынастарды реттеуші құқық жүйесі қалай аталады:

- A) халықаралық жеке құқық.
- B) халықаралық азаматтық құқық.
- C) халықаралық қылмыстық құқық.
- D) конституциялық құқық.
- E) халықаралық жария құқығы .

4. Халықаралық жеке құқық бойынша алғашқы ғылыми зерттеулер пайда бола бастады:

- A) 13-16 ғғ.
- B) 19-20ғғ.
- C) 21ғғ.
- D) 10-15ғғ.
- E) 18-19ғғ.

5. Халықаралық жеке құқықтың басқа құқықтық ғылымдардан айырмашылығы:

- A) оның институттары мен нормаларының қалыптасуында халықаралық жеке құқықтың доктриналары маңызды рөл ойнайды.
- B) ешқандай айырмашылық жоқ.
- C) айырмашылықтар ешқандай маңызды емес.
- D) халықаралық жеке құқық әлі қалыптаспаған.
- E) халықаралық жария құқықпен тығыз байланыстылығында.

6. Коллизия дегеніміз не?

- A) екі немесе одан да көп мемлекеттің азаматтық құқығында бірдей жағдайларда берілетін әртүрлі заңи бағалау.
- B) қарама-қайшылық.
- C) сәйкестілік.
- D) сәйкессіздік.
- E) ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.

7. Унификация:

- А) қолданылуы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылатын бірегей нормаларды жасау процесі;
- В) нормаларды құрастыру.
- С) нормаларды жинау.
- Д) нормаларды бөлу.
- Е) субъектілерге міндет жүктемейтін нормалар.

8. Қолданылуы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылатын бірегей нормаларды жасау процесі бұл:

- А) унификация;
- В) кодификация.
- С) деноминация.
- Д) девальвация.
- Е) инкорпорация.

9. Халықаралық жеке құқықтағы унификацияның түрлері:

- А) коллизиялық азаматтық құқықтың унификациясы, материалдық азаматтық құқықтың унификациясы.
- В) коллизиялық азаматтық құқықтың унификациясы.
- С) материалдық азаматтық құқықтың унификациясы.
- Д) жалпы унификация, жеке унификация;
- Е) материалдық азаматтық құқықтың унификациясы, жалпы унификация.

10. Екі немесе одан да көп мемлекеттер арасындағы осы мемлекеттермен жасалған халықаралық келісімдер шарттарына сай орындалатын жүк және жолаушы тасымалы бұл:

- А) халықаралық тасымал.
- В) мемлекетаралық тасымал.
- С) мемлекетішілік тасымал.
- Д) мемлекеттік тасымал.
- Е) халықтық мемлекеттік тасымал.

2-нұсқа

1. Халықаралық жеке құқық:

- А) мемлекеттер арасындағы жалпы мәселелерді шешу.
- В) екі мемлекет заңына сүйеніп бір мәселені шешу.
- С) бірнеше мемлекеттердің заңнамаларына сүйене отырып, пайда болған коллизиялық мәселені шешу.
- Д) коллизиялық мәселелерді шешу.
- Е) пайда болған коллизиялық мәселені шешу.

2. Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдері мәжбүрлі орындауға берілуі мүмкін:

- А) шешім заңды күшіне енген кезден бастап 3 жыл ішінде.
- В) шешім заңды күшіне енген кезден бастап 5 жыл ішінде.
- С) шешім заңды күшіне енген кезден бастап 3 ай ішінде.
- Д) шешім заңды күшіне енген кезден бастап 15 жыл ішінде.
- Е) шешім заңды күшіне енген кезден бастап 10 жыл ішінде.

3. Өнеркәсіптік меншікті қорғау қай қаланың конвенциясы:

- А) Мадрид.
- В) Стокгольм.
- С) Париж.
- Д) Канада.
- Е) Москва.

4.Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу конвенциясы қабылданды:

- A) 15.06.1969 жылы.
- B) 19.05.1879 жылы.
- C) 02.07.1986 жылы.
- D) 14.04.1891жылы.
- E) 12.12.1991 жылы.

5.Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қалыптасты:

- A) 1945 жылы 26 маусымда.
- B) 1955 жылы 26 маусымда.
- C) 1991жылы 19 тамызда.
- D) 2005 жылы 1 қаңтарда.
- E) 1940 жылы 11 ақпанда.

6.Қазақстан БҰҰ қашан кірді?

- A) 1945 жылы 24 қазанда.
- B) 1945 жылы 1желтоқсанда.
- C) 1992 жылы 3 наурызда.
- D) 1960 жылы16 желтоқсанда.
- E) 1991 жылы 17 қаңтарда.

7.Халықаралық жеке құқықтың мақсаты:

- A) мемлекеттер арасындағы жалпы мәселелерді шешу.
- B) екі мемлекет заңына сүйеніп бір мәселені шешу.
- C) әртүрлі елдердің фирмалары мен ұйымдарының арасындағы іскерлік байланыстарды құқықтық реттеу.
- D) коллизиялық мәселелерді шешу.
- E) дұрыс жауабы жоқ.

8.«Консолото дель море» (Теңіз дәстүрлерінің кодексі) қай ғасырда шықты?

- A) XII ғасыр.
- B) XV ғасыр.
- C) XVI ғасыр.
- D) XX ғасыр.
- E) XIV ғасыр.

9.Батыс Европада халықаралық құқық неге байланысты дамыды?

- A) саудаға.
- B) көші-қонға.
- C) жер аударуға.
- D) отырықшылыққа.
- E) инвестиция тартуға.

10.15 ғасырда пайда болған «Консолото дель море» кодексі не туралы болды?

- A) теңіз дәстүрлері.
- B) әуе дәстүрлері.
- C) құрлық дәстүрлері.
- D) ұшу дәстүрлері.
- E) қоныс аудару дәстүрлері.

3-нұсқа

1.«Остров сокровищ» кімнің еңбегі:

- A) У.Губер.
- B) И.Кант.
- C) Стивенсан.
- D) Платон.

Е) Аристотель.

2.Халықаралық жеке құқық реттейтін қатынастар:

А) шетелдіктердің отбасы қатынастары.

В) азаматтығы жоқ адамдардың жеке мүліктік және мүліктік емес, еңбек, отбасы қатынастары.

С) шетелдіктердің жеке мүліктік және мүліктік емес, еңбек, отбасы қатынастары.

Д) ҚР азаматтарының жеке мүліктік және мүліктік емес, еңбек, отбасы қатынастары.

Е) дұрыс жауап жоқ.

3.Мемлекеттің міндетті белгісіне жатпайды:

А) территориясы.

В) егемендік.

С) жария билік.

Д) тәуелсіздігі.

Е) банктік және қаржылық органдарының болуы.

4.Еуразиялық патенттік конвенция қашан қабылданды?

А) 1993 жылы.

В) 1987 жылы.

С) 1986 жылы.

Д) 1996 жылы.

Е) 1994 жылы.

5.Адам құқығы туралы Декларация қашан қабылданды?

А) 1948 жылы.

В) 1955 жылы.

С) 1993 жылы.

Д) 1800 жылы.

Е) 1945 жылы.

6.ҚР «Шетелдік инвестициялар туралы» заңы қашан қабылданды?

А) 1996ж.

В) 1997ж.

С) 1994ж.

Д) 1993ж.

Е) 1995ж.

7.Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу қай қалада қабылданды?

А) Бразилия.

В) Мадрид.

С) Ниагара.

Д) Иерусалим.

Е) Есентуки.

8.Тауар таңбаларын халықаралық тіркеу конвенциясына кірмеген ел:

А) Қазақстан.

В) Ресей.

С) Франция.

Д) АҚШ.

Е) дұрыс жауап жоқ.

9.Бала құқықтары туралы конвенция қашан қабылданды?

А) 1989 жыл.

В) 1998 жыл.

С) 1933 жыл.

Д) 1999 жыл.

Е) 1846 жыл.

10. Халықаралық жеке құқық субъектілерінің халықаралық жария құқық субъектілерінен айырмашылығы:

- A) белгілі бір мемлекет.
- B) бірнеше мемлекеттер.
- C) мемлекет, жеке және заңды тұлғалар.
- D) халықаралық ұйымдар.
- E) заңды тұлғара.

4-нұсқа

1. Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері:

- A) заң.
- B) ҚР Конституциясы.
- C) халықаралық шарттар, соттық және төрелік тәжірибе, халықаралық әдет-ғұрып.
- D) халықаралық келісім шарттары.
- E) зерттеудің жалпы бағдарламасы негізінде мемлекеттің ғылыми зерттеу жұмыстары.

2. Ерте римдік дәуірде құқықтарды жеке және жария деп бөлген ғалымды атаңыз:

- A) Шопенгауэр.
- B) Уильямс.
- C) Ульпиниан.
- D) Кристен Данст.
- E) Йохансен.

3. Халықаралық жеке құқықтың тарихи негізін құрайтын норманы көрсетіңіз?

- A) унификациялық нормалар.
- B) координациялық нормалар.
- C) коллизиялық нормалар.
- D) ассоциациялық нормалар.
- E) интернационалдық нормалар.

4. Халықаралық қатынасты ерекшелейтін белгі:

- A) координация.
- B) аймақтық интеграция.
- C) егемендік.
- D) кооперация.
- E) кодификация.

5. Коллизиялық ережелер реттеу тәсілі бойынша қалай бөлінеді?

- A) диспозитивті, альтернативті.
- B) императивті, альтернативті.
- C) императивті, альтернативті, диспозитивті.
- D) генералды, субсидиарлы.
- E) майорлы, генералды.

6. Өнертапқыштықты қорғау қалай жүзеге асырылады?

- A) патент құқығы негізінде.
- B) контитуциялық құқық негізінде.
- C) халықаралық құқық негізінде.
- D) жеке құқықпен .
- E) салалық құқықпен.

7. 1994 жылы 9 қыркүйекте Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық патенттік конвенция ҚР-да қашан әрекет ете бастады?

- A) 9 қыркүйек 1993 жылы.
- B) 9 қыркүйек 1996 жылы.
- C) 5 қараша 1995 жылы.

- Д) 5 қараша 1994 жылы.
- Е) 25 наурыз 1997 жылы.

8.Зиянның орнын толтырудақай елдің заңы қолданылады?

- А) зиян келтірілген жердің заңы қолданылады.
- В) зиян келтірушінің жерінің заңы қолданылады.
- С) халықаралық келісім қолданылады.
- Д) ешқандай заң қолданылмайды.
- Е) зиянның орны толтырылмайды.

9.Француз Азаматтық кодексі қашан қабылданды?

- А) 1963 жылы.
- В) 1899 жылы.
- С) 1804 жылы.
- Д) 1945 жылы.
- Е) 1911 жылы.

10.«Гаага» конвенциясы қашан құрылды?

- А) 1960жылы.
- В) 1999 жылы.
- С) 1867 жылы.
- Д) 1685 жылы.
- Е) 1850 жылы.

5-нұсқа

1.Герман Азаматтық кодексі қашан қабылданды?

- А) 1963 жылы.
- В) 1896 жылы.
- С) 1999 жылы.
- Д) 1801 жылы.
- Е) 1894 жылы.

2.Қай жылы Италияда алғаш рет неке бұзудың шекті жағдайына рұқсат беру туралы заң қашан қабылданды?

- А) 1979 жылы.
- В) 1960 жылы.
- С) 1930 жылы.
- Д) 1901 жылы.
- Е) 2000 жылы.

3.ТМД елдері азаматтық, отбасы, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы конвенцияны қашан қабылдады?

- А) 1991 жылы 22 қаңтар.
- В) 1993 жылы 21 қаңтар.
- С) 1995 жылы 5 наурыз.
- Д) 1993 жылы 22 қаңтар.
- Е) 1992 жылы 23 қаңтар.

4.«Балаларға қатысты алимент міндеттемесін қолдану құқығы туралы» конвенция қашан қабылданды?

- А) 1984 жылы.
- В) 1960 жылы.
- С) 1956 жылы.
- Д) 1901 жылы.
- Е) 2000 жылы.

5.«Сыртқы экономикалық мәміле дегеніміз – кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында екі мемлекет немесе кәсіпорындар арасындағы шарттар» деп тұжырым жасаған кім?

- A) Ленин.
- B) Сталин.
- C) Зыкин.
- D) Быкин.
- E) Кукин.

6.Халықаралық сатып алу – сату шарты туралы Вена конвенциясы қашан қабылданды?

- A) 1890 жылы.
- B) 1980 жылы.
- C) 1984 жылы.
- D) 1985 жылы.
- E) 1999 жылы.

7.Заңды тұлғаға қандай талап қойылады?

- A) оның орналасқан жері бойынша.
- B) оның бұрын орналасқан жері бойынша.
- C) заңды тұлғаға талап қойылуы мүмкін емес.
- D) заңды тұлға басшысы елі бойынша.
- E) заңды тұлғаны таныған елдер бойынша.

8.Орындалу орны көрсетілген шарттардан туындайтын талаптарға қандай шарт қойылады?

- A) шарт орындалатын жер бойынша.
- B) шарт жасалған жер бойынша.
- C) шартты жою жері бойынша.
- D) шарттан бас тарту жері бойынша.
- E) талаптар қойылмайды.

9.Авторлық құқық объектісі болып табылмайды:

- A) әдеби туындылар.
- B) драмалық туындылар .
- C) музыкалық-драмалық туындылар.
- D) мәтінді туындылар.
- E) ресми құжаттар.

10.Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі:

- A) құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады.
- B) құқық қабілеттілігіне ие болмайды.
- C) тоқтатылмайды.
- D) шектеусіз.
- E) ішінара шектеулі.

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:
Нормативтік-құқықтық актілер:**

1. Сеульская Конвенция об учреждении иностранного агентство по гарантиям инвестиций. 1985.
2. Вашингтонская конвенция «Об урегулировании инвестиционных споров между государствами и лицами других государств» 1965.
3. Конвенция ООН о договорах международной купли-продажи товаров. Вена, 1980.
4. Конвенция об исковой давности в международной купле-продаже товаров. Вена, 1980.
5. Конвенция о праве, применимом к договорам международной купли-продажи. Гаага, 1968.
6. Международные правила толкования торговых терминов ИНКОТЕРМС. 1990.
7. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам. Минск, 1993.
8. Конвенция, учреждающая Всемирную организацию интеллектуальной собственности. 1976.
9. Парижская конвенция по охране промышленной собственности. 1983.
10. Всемирная конвенция об авторском праве. 1952.
11. Бернская конвенция об охране литературных и художественных произведений. 1986.

Негізгі әдебиеттер:

1. Нысанбекова Л.Б. Халықаралық жеке құқық. - Алматы: Жеті жарғы, 2006.
2. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1994.
3. Богуславский М.М. «Международное частное право» М., 1998.
4. Международное частное право. Современные проблемы // под ред. М.М. Богуславский М.М. М., 1994.
5. Галенская Л.Н. Международное частное право. Л., 1983.
6. Перетерский С.И., Крылов С.Б. Международное частное право. М., 1959.
7. Лунц Л.А. Курс международного частного право. Общая часть. М., 1973.
8. Лунц Л.А. Курс международного частного право. Особенная часть. М., 1975.
9. Международное частное право // под ред. Сарсембаева М.А. Алматы., 1997.
10. Международное частное право. Скаридов А.С. С-П., 1998.
11. Международное частное право. Сборник документов // Составители К.А. Бекашев, А.Г. Ходаков. М., 1997.
12. Корецкий В.М. Избранные труды. Кн. 1. Киев, 1989.
13. Иссад М. Международное частное право. Пер. с фр. М., 1989.
14. Чешир Дж., Норт П. Международное частное право. М., 1982.
15. Лунц Л.А. Марышев Н.И. Садигов О.Н. Международное частное право. М., 1984.

Қосымша әдебиеттер:

1. Лунц Л.А. К вопросу о квалификации международном частном праве. Советский ежегодник международного права. М., 1980.
2. Садигов О.Н. Коллизионные нормы в современном международном частном праве. Сов. Ежегодник международного права. 1982 г. М., 1983.

3. Садиков О.Н. Императивные нормы в международном частном праве. Моск. журнал международного права. 1992 № 2.
4. Ладыженский А.М. Теория национальности юридических лиц в международном частном праве. Сов. Ежегодник международного права. 1964-1965. М., 1966.
5. Ляликова Л.А. Транснациональные корпорации и проблема определения их национальности. Сов. Ежегодник международного права. 1981. М., 1992.
6. Ладыженский А.М. Теория национальности юридических лиц в международном частном праве. Сов. Ежегодник международного права. 1964-1965. М., 1966.
7. Иванов С.И. Современные тенденции в законодательстве некоторых буржуазных государств по вопросу об иммунитете государства и его собственности (на примере США и Англии). Сов. Ежегодник международного права, 1981. М., 1982.
8. Баратьянц Н.Р. Богуславский М.М., Колесник А.Н. Современное международное право : иммунитет государства. 1988. М., 1989.
9. Лаптев В.В. Вопросы собственности в современном международном частном праве. Вопросы международного частного права. М., 1956.
10. Вилков Г.Е. национализация и международное право. М. 1952.
11. Богуславский М.М. Правовое положение иностранных инвестиций. М., 1983.
12. Поздняков В.С. Садиков О.Н. Правовое регулирование отношений по внешней торговле. М. 1985.
13. Лунц Л.А. Внешнеторговая купля-продажа (коллизийные вопросы). М., 1972.
14. Мусин В.А. Международные торговые контракты. Л., 1986.
15. Зыкин И.С. Договоров во внешнеэкономической деятельности. М., 1990
16. Розенберг М. Г. Заключение договора международной купли-продажи товаров. М., 1991. Гражданское и торговое право капиталистических государств // под редакцией Е.А. Васильева. М., 1992.
17. Комаров А.С. Ответственность в коммерческом обороте. М., 1991.
18. Шмитгофф К. Экспорт: право и практика международной торговли. М., 1993.
19. Внешнеторговые сделки. Гринько И.С. г.Сумы, 1994.
20. Садиков О.Н. Правовое регулирование международных перевозок. М., 1981.
21. Садиков О.Н. Реформа Бернских конвенций о железнодорожных перевозках. Внешняя торговля, 1982. № 4
22. Малеев Ю.Н. Международное воздушное право: вопросы теории и практики. М.3 1986.
23. Гуреев С.А. Коллизийные проблемы морского права. М., 1972.
24. Маковский А.Л. Международное частное морское право. М., 1974.
25. Иванов Г.Г., Маковский А.Л. Международное частное морское право. М., 1984.
26. Альтшуллер А.Б. Международное валютное право. М., 1984.
27. Лунц Л.А. Международный гражданский процесс. М., 1976.
28. Лебедев С.Н. Международный торговый арбитраж. М., 1965.
29. Минаков А.И. Арбитражные соглашения и практика рассмотрения внешнеэкономических споров. М., 1985.
30. Лебедев С. Н. Международный коммерческий арбитраж: компетенция арбитров и соглашение сторон. М., 1988.

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 39 бет, 3,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.